

3 Мерз

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2026 жыл 1 апта

Білім беру ұйымы: №26 «Үміт» Бөбекжай-балабақшасы

Топ: ортанғы топ «Балбөбек» Балалардың жасы-3

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.04-03.04.26 ж.

Тәбиешілері: Аминова А . Наурзалина Н.Қ.

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Дәйек сөз: «Еңбекпен ер көгерер.»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.03.2026 ж	Сейсенбі 31.03.2026 ж	Сәрсенбі 01.04.2026 ж	Бейсенбі 02.04.2026ж	Жұма 03.04.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы карсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті камтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі «Көңіл ашар»				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҮ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҮ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу. Қауіпсіздік ережелері	Сюжеттік ойын: «Қуыршақты ұйықтатамыз» Тәрбиеші: «Қуыршақ шаршады, оны ұйықтатайық» Балалар: қуыршақты төсегіне жатқызады көрпемен жабады «Әлди-әлди» деп айтады Сөздер: «Ұйықта» «Жақсы ұйықта»	Зейінді дамыту. Баланың алдына 3-4 зат қойып, оларды есте сақтауын сұрау Кейін біреуін алып тастап, "Қай зат жоқ?" деп сұрау Танымдық дағдылар	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қуыршақты тамақтандырамыз» Тәрбиеші балаларға қуыршақты көрсетеді: «Балалар, біздің қуыршағымыз аш болып тұр. Оны тамақтандырайық» Балалар рөлдерді бөліседі: – ана – әке – тәрбиеші (немесе барлығы бірге) Балалар: – қуыршақты отырғызады – қасықпен «тамақ береді» – су ішкізеді – «жақсы сөздер» айтады Мысалы: – «Аузыңды аш» – «Жарайсың» – «Дәмді ме?»	"Кім қайда тұрады?" Жануарлар мен олардың мекендейтін орындарын үйрету. "Балық қайда тұрады?" – "Суда!" "Қасқыр қайда тұрады?" – "Орманда!" "Сиыр қайда тұрады?" – "Аулала!" Әлеуметтік, танымдық дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	Сәуірайына арналған танертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Картотека №1, №2, №3, №4, №5				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка Жетекші жоспарымен Дене тәрбиесі Жетекші жоспарымен	Дене тәрбиесі Жетекші жоспарымен Қимылды ойындар: «Туннельден өт» Балалар кезекпен туннельден немесе доға астынан еңбектеп өтеді Көктемгі іннен шыққан жануарлар сияқты қозғалады	Дене тәрбиесі Жетекші жоспарымен Қимылды ойын: «Кім жылдам еңбектейді?» Балалар белгі бойынша еңбектеп жарысады Көктемгі жануарлар сияқты қозғалады Кім бірінші жетсе сол жеңімпаз болады	Қазақ тілі «Төрт түлік мал» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Малды таныстыр» Балалар өздеріне таныс төрт түлік малды атап, толық сөйлеммен таныстырады «Бұл – сиыр. Сиыр сүт береді. Сиыр үй жануары». Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын 1: «Қой мен қозы» Балалар Қ дыбысы бар сөздерді анық әрі дұрыс айтуға жаттығады: қой, қозы, қора, құлын. Ойын 2: «Ү дыбысы» Ү, Ү дыбыстары бар сөздерді дұрыс айту: құлын, бұзау, түйе, үкі. Байланыстырып сөйлеу Ойын 1: «Менің сүйікті малым» әңгімелеу Балалар 2–3 сөйлеммен өз ойларын айтады: «Менің сүйікті малым – жылқы. Ол өте пайдалы».	Қимылды ойын: «Кедергіден өт» Балалар белгі бойынша әртүрлі кедергілерден өтеді еңбектейді айналып жүреді Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады

Апта дәйек сөзі: «Мал бакқанға бітеді» (Қазақ мақалы) Балаларға мақалдың мағынасы қарапайым тілмен түсіндіріледі: үй жануарларын күтіп-баптаса, олар адамға пайда әкеледі. Ойын әрекеті: «Қозы мен қой» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға үй жануарларының суреттерін көрсетеді. «Қой», «қозы», «мә-мә» сөздерін анық айтуға жаттықтырады. Дауысты дыбыстарды (а, ә, о) анық айтуға үйретеді. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтады. Сөздік қор «Қозы жүгірді», «қой жайылды» сияқты сөз тіркестерін айту. Тілдің грамматикалық құрылымы «Қозы қораның ішінде», «қой қораның жанында» сөз тіркестерін қолдану.	Ойын әрекеті: «Ешкі мен лақ» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға ешкі мен лақтың суретін және ойыншықтарын көрсетеді. Балалармен бірге «ешкі», «лақ», «ме-ме» сөздерін анық айтуға жаттықтырады. Дауысты дыбыстарды (а, ә, е) және дауыссыз дыбыстарды (к, қ, т) дұрыс айтуға бағытталған артикуляциялық жаттығулар орындалады. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтып, сөйлеу қарқынын баяу және анық айтуға жаттығады. Сөздік қор Балалар «ешкі жайылды», «лақ секірді», «лақ жүгірді» сияқты сөз тіркестерін қолдануға үйренеді. Жаңа сөздерді дұрыс қолдануға бағытталған	Ойын әрекеті: «Төлін тап» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Балалар үй жануарларының атауларын анық айтады: қой, ешкі, сиыр. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. Сөздік қор Балалар «қой жайылады», «қозы жүгірді», «сиыр мәңіреді» сөз тіркестерін қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «қозы қойдың жанында», «бұзау сиырдың артында» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Байланыстырып сөйлеу Балалар жануарлар мен олардың төлдерін сәйкестендіріп, шағын әңгіме құрастырады. Көркем әдебиет Педагог үй	Ойын әрекеті: «Қорадағы жануарлар» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөздік қор Балалар «қой қорада тұр», «қозы жүгіріп жүр», «ешкі жайылып жүр» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Жаңа сөздерді қолдану арқылы сөйлем құрауға үйренеді. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен бірге қолданады: «Қозы қораның ішінде», «Ешкі қораның жанында», «Қой қораның артында». Жекеше және көпше түрде айту жаттығулары жүргізіледі: қой – қойлар, қозы – қозылар. Байланыстырып сөйлеу Балалар «Қорадағы жануарлар» ойынында жануарларды орналастырып, олардың әрекеттері туралы қысқа сөйлемдер айтады. Педагог сұрақтар қойып, балалардың жауап беруін ынталандырады.	Ойын әрекеті: «Ферма» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Балалар үй жануарларының атауларын анық айтып, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтады. Сөздік қор Балалар «сиыр сүт береді», «қой жүн береді», «жылқы жүгіреді» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады: сиыр – сиырлар, қозы – қозылар. Байланыстырып сөйлеу Балалар «Ферма»
---	--	---	--	---

Байланыстырып сөйлеу Балалар «Қошакан» ертегісін тыңдап, кейіпкерлерді ойын арқылы көрсетуге тырысады. Көркем әдебиет Үй жануарлары туралы қысқа ертегі тыңдау, кейіпкерлердің дауысын келтіру. Қазақ тілі Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, к, ү) айтуға жаттықтыру.	шағын ойындар ұйымдастырылады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен қолданады: «Лак қораның жанында», «Ешкі қораның ішінде». Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі (лак – лактар). Байланыстырып сөйлеу Балалар «Лак пен ешкі» туралы шағын көріністі ойын арқылы бейнелейді. Кейіпкерлердің әрекетін айтып, қарапайым сөйлемдер құрайды. Көркем әдебиет Ешкі мен лак туралы қысқа өлең немесе ертегі тыңдалады. Балалар кейіпкерлердің дауысын салып, шағын сахналау әрекетіне қатысады.	жануарлары туралы ертегі оқиды. Балалар кейіпкерлердің ролін ойнайды. Қазақ тілі Жаңылтпаш айту арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	Көркем әдебиет Педагог үй жануарлары туралы қысқа ертегі немесе өлең оқиды. Балалар кейіпкерлердің дауысын келтіріп, шағын сахналау әрекетіне қатысады. Қазақ тілі Қазақ тіліне тән «ә», «ө», «к», «ү», «ұ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалар қысқа санамақты немесе жаңылтпашты қайталап айтады. Математика негіздері – сан Балалар ойыншық жануарларды санайды. «Қайсысы артық?», «Қайсысы кем?» сұрақтарына жауап береді. Шама Балалар үлкен-кіші, биік-аласа ұғымдарын қолдана отырып жануарларды салыстырады. Геометриялық пішіндер Балалар дөңгелек пішінді зерттеп, жануарлар бейнесінен дөңгелек элементтерді табады. Кеністікте бағдарлау Балалар жануарларды оң	ойыны арқылы жануарларды атап, олардың әрекеттері туралы шағын әңгіме құрайды. Көркем әдебиет Балалар апта бойы тыңдаған ертегіні немесе өлеңді бірге қайталап, шағын сахналау әрекетін көрсетеді. Қазақ тілі Балалар санамақ немесе жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. Математика негіздері – сан Балалар ойыншық жануарларды санап, тең және тең емес топтарды салыстырады. «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. Шама Балалар жануарларды үлкен-кіші, биік-аласа бойынша салыстырады. Геометриялық	ойыны арқылы жануарларды атап, олардың әрекеттері туралы шағын әңгіме құрайды. Көркем әдебиет Балалар апта бойы тыңдаған ертегіні немесе өлеңді бірге қайталап, шағын сахналау әрекетін көрсетеді. Қазақ тілі Балалар санамақ немесе жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. Математика негіздері – сан Балалар ойыншық жануарларды санап, тең және тең емес топтарды салыстырады. «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. Шама Балалар жануарларды үлкен-кіші, биік-аласа бойынша салыстырады. Геометриялық
---	---	---	--	--	--

		Қазақ тілі Қазақ тіліне тән «ә», «к», «қ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалар санамақ немесе қысқа тақпақты қайталап айтады.		және сол жағына орналастырады. Уақытты бағдарлау Педагог жануарлардың күндіз жайылып, кешке қораға келетінін түсіндіреді.	пішіндер Балалар дөңгелек пішінді бекітеді. Кеңістікте бағдарлау Балалар ойыншықтарды оң және сол жақтарына орналастырады.
2 –ші таңғы ас	Үстел басында карапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын аланын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Сәуірайына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған Картотека №1, №2, №3, №4, №5				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киегін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыда нояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Математика негіздері – сан Қой мен қозыларды санау: «бір қозы», «екі қозы», «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап беру. Шама Үлкен қой мен кіші қозыны салыстыру. Геометриялық пішіндер Дөңгелек пішінді (қозының басы) көрсету. Құрастыру Кірпіштерден жануарларға арналған қора құрастыру. Сурет салу Қылқаламды дұрыс	Математика негіздері – сан Балалар ойыншық лақтарды санайды. «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. Шама Балалар ұзын және қысқа таяқшаларды салыстырады. Ұзын-қысқа ұғымдарын қолданады. Геометриялық пішіндер Балалар дөңгелек пішінді заттарды табады. Кеністікте	Математика негіздері – сан Балалар жануарларды санап, тең және тең емес топтарды салыстырады. Шама Балалар ұзын-қысқа, үлкен-кіші заттарды салыстырады. Геометриялық пішіндер Балалар дөңгелек пішінді зерттейді. Кеністікте бағдарлау Балалар ойыншықтарды оң және сол жағына орналастырады. Құрастыру	Құрастыру Балалар кірпіштер мен пластиналарды пайдаланып жануарларға арналған қора немесе қоршау құрастырады. Сурет салу Балалар қылқаламды дұрыс ұстап, қағаз бетіне жануарлар мен шөп бейнесін салады. Негізгі түстерді қолданады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан өздеріне ұнаған жануар бейнесін мүсіндейді және таяқшамен безендіреді. Жапсыру Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарынан ферма немесе қора құрастырады. Сурет салу Балалар жануарлар бейнесі бар қарапайым сюжеттік сурет салады. Мүсіндеу Балалар өздеріне ұнаған жануарды мүсіндеп, ұжымдық композиция жасайды. Жапсыру Балалар геометриялық пішіндерден жануар бейнесін құрастырып жапсырады.

	ұстап, қозының жүнін нүктелер арқылы салу. Мүсіндеу Ермексазdan домалақ пішін жасап қозы бейнесін мүсіндеу. Жапсыру Дөңгелек және сопақ пішіндерді жапсырып қозы бейнесін жасау. Қоршаған әлеммен таныстыру Үй жануарларының адамға пайдасы туралы әңгімелеу.	бағдарлау Балалар ойыншық жануарларды оң және сол жағына орналастырады. Уақытты бағдарлау Педагог күндіз жануарлар жайылатынын, кешке қораға келетінін түсіндіреді. Құрастыру Балалар кірпіштер мен пластиналарды пайдаланып жануарларға арналған қора немесе алаң құрастырады. Сурет салу Балалар қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстап, қағаз бетіне шөп пен жануар бейнесін салады. Негізгі түстерді қолданады. Мүсіндеу Балалар ермексазdan лақ бейнесін мүсіндейді, таяқшамен безендіреді. Жапсыру Балалар дайын геометриялық	Балалар үлгі бойынша жануарларға арналған қора құрастырады. Сурет салу Балалар жануарлар бейнесі бар қарапайым сюжеттік сурет салады. Мүсіндеу Балалар өздеріне ұнаған жануарды мүсіндейді. Жапсыру Балалар геометриялық пішіндер арқылы жануар бейнесін құрастырады. Қоршаған әлеммен таныстыру Жануарларды күту және қорғау туралы әңгіме жүргізіледі. Вариатив Тақырыбы: «Ғажайып баулар» Мақсааты: Ұсақ қол маторикасын дамыту, түстерді ажырата білуге үйрету. Бауларды пайдалана отырып, шаш өруге,	жануар бейнесін құрастырып жапсырады. Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар жануарларға қамқор болу керектігін түсінеді. Педагог жануарларға күтім жасау туралы әңгіме жүргізеді.	Қоршаған әлеммен таныстыру – табиғаттағы маусымдық өзгерістер Балалармен бірге көктем мезгіліндегі ауа райы туралы әңгімелесу жүргізіледі. Педагог балалардан «Бүгін ауа райы қандай? (жылы, салқын)» деп сұрайды. Табиғаттағы өзгерістерге назар аудартады: көктемде күн жылынады, жануарлар жайылымға шығады. Бақылау күнтізбесіне көктемгі ауа райының жағдайы белгіленеді.
--	--	--	---	---	--

		пішіндерден жануар бейнесін құрастырып жапсырады. Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар ешкінің сүт беретінін, оның адамға пайдалы екенін біледі. Жануарларға қамқор болу қажеттігі туралы әңгіме жүргізіледі.	ептілікке дағдыландыру.		
Балалармен жеке жұмыс	Тамирис пен Айкөркемге Бағыты: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Жұмыс: «А, ә, о, ұ» дыбыстарын дұрыс артикуляциямен айтқызу, айна арқылы жұмыс.	Имран мен Қасымханға Бағыты: Дауыссыз дыбыстар Жұмыс: П–Б дыбыстарын салыстырып айту (па–ба, піл–балық).	Ерасыл мен Жантөреге Бағыты: Сөйлеу қарқыны Жұмыс: Қысқа жаңылтпашты алдымен баяу, кейін жылдам айтқызу.	Ибрахим мен Керейханға Бағыты: Сөздік қор (тұсау кесу) Жұмыс: «Тұсау кесу», «ала жіп», «тұсауын кесу» сөз тіркестерін қайталату, мағынасын түсіндіру.	Әлімжан ми Әлиге Бағыты: Грамматикалық құрылым Жұмыс: Заттын орналасуын айтқызу (доп үстінде, орындықтың астында).
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Ойын: «Қасқыр қақпанында» Шарты: Шеңбер ішінде «қасқыр» тұрады. Қалған балалар шеңбер сыртында жүгіреді. Белгі бойынша шеңберден өтіп	Ойын: «Нысанаға дәл тигіз» Шарты: Қапшықты немесе допты 2–3 метр қашықтықтағы нысанаға дәл лақтырады.	Ойын: «Кім тез сапка тұрады?» Шарты: Еркін қозғалып жүреді. Белгі бойынша бойына қарай немесе түске қарай тез сапка	Ойын: «Өткелден өту» Шарты: Орындық немесе сызық бойымен тепе-теңдікті сақтап өтіп, соңында секіріп түседі.	Ойын: «Допты бер де, отыр» Шарты: Шеңберде тұрып допты бір-біріне береді. Кімге доп келсе, тез отырып қайта тұрады.

	шығып үлгеруі керек, қасқыр ұстап алуға тырысады.		тұрады.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құрастыру – Құрылыс материалдарынан «ас бөлме» жасау	Құрастыру – «Шам орнату» кірпіштерден	Құрастыру – «Жолақ» кірпіштерден	Конструкторлардан «Бағдаршам бағанасын» орналастыру.	Құрастыру – «Қауіпсіз көше» құрастыру
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				